

Хаттама № 1

Күні: 04.09.2024 жыл

Отырыста қатысқан: ШТ жетекшілері мен педагогтар

Қатыспаған: 0

Күн тәртібі

1. 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шараларды педагогтер мен тәрбиешілер арасында бөлу.
2. Тәрбиешілердің өзін –өзі жетілдіру тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды:

- 1.Әдістемелік кеңес жетекшісі Н.Алпысбаева ӘБ жетекшісі шығармашылық топтардың 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарын құруға байланысты сөз алды. Биылғы оқу жылында бөбекжайымыздың жылдық міндеттерін орындауға байланысты үш ШТ құру қажеттігін ескертті. Шығармашылық топ жетекшілері әдістемелік кеңес жұмысының оңтайлы жүргізілуіне себепкер болатынын түсіндірді. Шығармашылық топтар тікелей жылдық жоспардың міндеттерінің жүзеге асырылуының бірдей себепті екенін ескертті. Сонымен қатар әдістемелік кеңес мүшелерінің қалалық сайыстардың бөбекжай ішілік кезеңін өткізу барысында ережелерді қарастыратыны және дайындау кезінде себепкер тұлға ретінде болуы қажеттігін айтып өтті.
2. Әдіскер Алпысбаева Н.С әр тәрбиеші мен педагогтің жыл сайын өзін – өзі жетілдіру тақырыптарының болуы және ол үш жыл көлемінде атқарылып, озық тәжірибелерін тарату керектігін ескертті. Алдағы болатын педагогикалық кеңестер мен, семинарларда және қалалық тәжірибе бөлісу барысында да осы алынған тақырыптары бойынша тәжірибелерін тек балабақшада емес, сондай ақ облыс және қала деңгейінде тарату мүмкіндіктері барын ескертіп айтты.

Шешімі:

- 1.Шығармашылық топтардың 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары бекітіліп, жыл бойы жүзеге асырылсын.
- 2.Өзін – өзі жетілдіру тақырыптарын өңдеп, озық тәжірибе қала деңгейіде таратылсын.

ӘК жетекшісі:  Алпысбаева Н.С.

Хатшы:  Ертышпаева Г.Ш.

Хаттама № 2

Күні: 10.12.2024 жыл

Отырыста қатысқан: ШТ жетекшілері мен педагогтар

Қатыспаған: 1

Күн тәртібі

1. Заманауи ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту жолдары
2. «Оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи әдіс-тәсілдер: жобалау, ойын технологиясы және АКТ-ны тәрбие-білім беру процесіне енгізу»

Тыңдалды

Баяндамашы Мулдағалиева А.К. «Заманауи ойындар арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеу» тақырыбында баяндама жасады. Заманауи ойындар (дидактикалық интерактивті ойындар, құрылыс ойындары, рөлдік-ситуативтік ойындар) баланың ойлау, сөйлеу, эмоционалды-әлеуметтік дамуын белсендіретінін атап өтті. Ойын – жеке тұлғаның шығармашылығы мен өзіндік шешім қабылдау қабілетін арттыратын жетекші іс-әрекет. Тұлғалық қасиеттерді дамытуда ойынның тәрбиедік маңызы: еркіндік, жауапкершілік, ынтымақтастық, бастамашылдық, өзін-өзі реттеу. Баланың жас ерекшелігіне сәйкес ойын сценарийлерін құру қажет. Ойын технологияларын пайдалану педагогтың шеберлігіне, дамытушы ортаның сапасына байланысты екенін түсіндіріп кетті.

Тәрбиеші Тулепова А.М. өзінің сөзінде балабақшадағы тәрбие және оқу қызметін ұйымдастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді енгізудің маңыздылығына тоқталды. Ол өз баяндамасында келесі мәселелерді атап өтті. Жобалау әдісі балалардың зерттеушілік, танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды. «Жобалық әрекет» барысында бала мақсат қойып, жоспар құрып, нәтижеге жетуді үйренеді. Ойын – мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі іс-әрекеті екенін атап өтті. Ойын технологиясы арқылы балалардың логикалық ойлауы, қиялы, тіл байлығы, ұжымда жұмыс істей білуі қалыптасады. Тәрбиеші ойындарды топтық, жұптық және жеке формада тиімді ұйымдастырудың жолдарын түсіндірді.

Шешімі:

1. Балабақша педагогтеріне заманауи әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдануды жалғастырылсын
2. Жобалау әдісі бойынша топтарда шағын жобалар ұйымдастырылсын.

ӘК жетекшісі:  Алпысбаева Н.С.

Хатшы:  Ертыспаева Г.Ш.

Хаттама № 3

Күні: 25.02 .2025 жыл

Отырыста қатысқан: ШТ жетекшілері мен педагогтар

Қатыспаған: 0

Күн тәртібі

1. Ұлттық ойын әрекеті арқылы заманауи баланың жеке тұлғасын қалыптастыру

2.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспары негізінде ойындардың ұйымдастыруы

Тындалды:

1.Әдістемелік кеңес жетекшісі Н,Алпысбаева тындалды .

Ұлттық ойындар – халықтың мәдени мұрасы, ұрпақ тәрбиесінің алтын қазығы. Заманауи қоғам жағдайында ұлттық ойын әрекетін білім беру процесіне енгізу баланың жан-жақты дамуына ерекше ықпал етеді. Ұлттық ойындар баланың мінез-құлқын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде дамуына көмектеседі. Ойын барысында балалар: батылдық, шапшандық, бірбеткейлік сияқты ерік-жігер қасиеттерін дамытады. Әдіскер Н. Алпысбаева ұлттық ойындарды жас ерекшелік топтар күнделікті ойын процесінде жүйелі қолданатындарын айтып өтті.

2.Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Б. Актубекова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспары негізінде ойындар күнделікті іс –шараларда, күн тәртібіне сай циклограммада жазылып, таңғы қабылдау,серуен және дене тәрбиесі іс –әрекеттерінде күнделікті қолданатынын айтып өтті.Ұлттық ойындарды қолдану барысында атрибуттардың жаңартылғандығын, ойын картоткаларының құрастырылғандығын айтып өтті.

Жас ерекшелік топтарда

Шешімі:

1. Ұлттық ойындар картотекасын жас ерекшелік топтар мен педагогтер күнделікті толықтырылсын.

2. «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының жоспарына сай күнделікті циклограммаға жоспарланып, күнделікті өткізілсін.

ӘК жетекшісі:  Алпысбаева Н.С.

Хатшы:  Ертышпаева Г.Ш.

Хаттама № 4

Күні: 16.05 .2025 жыл

Отырыста қатысқан: ШТ жетекшілері мен педагогтар

Қатыспаған: 0

Күн тәртібі

1. Әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы.
2. Жаңа 2025 - 2026 оқу жылының міндеттемелерін айқындау

Тыңдалды

1. Әдістемелік кеңес жетекшісі Н.Алпысбаева шығармашылық топ 2024-2025 оқу жылында үшеу болғанын, жетекшілердің жоспарға сай жыл бойы жұмыс жоспарына байланысты қызметтерін атқарғандықтарын атап өтті.

Шығармашылық топтар жетекшілері жыл бойы сайыс ережелері мен қалалық сайыстың қатысушыларына материал жинақтауға, видео түсірілім жасауға және әдістемелік бірлестік өткізу барысында барынша ат салысқандары туралы айтып кетті.

2. Шығармашылық топ жетекшісі Мулдағалиева 2025 - 2026 оқу жылының міндеттемелерін қарастыру қажеттігін ескертті. Шығармашылық топ жетекшілерімен бірге 2024-2025 оқу жылында қол жеткізе алмаған тұстарды қайта қарастырып, келесі оқу жылына тағы алу қажеттігін ескертті.

Эксперименттік топ бойынша жаңа оқу жылына бағытты таңдап қарастырып, оқу жылының басында қандай бағытты алатынын ескеру керектігін сөз етті.

Шешімі:

1. Әдістемелік кеңес жұмысының 2024-2025 оқу жылына қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа оқу жылына жылдық міндеттер жылдың соңына дейін қарастырылып, ұ.сынылсын

ӘК жетекшісі:  Алпысбаева Н.С.

Хатшы:  Ертышпаева Г.Ш.